

Ауылдық округ әкімінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 5 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Мақаш ауылдық округ әкімінің 2015 жылғы 7 шілдедегі № 14 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің " Құрманғазы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 2 шілдедегі № 3 ұсынысы негізінде **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫМ:**

Мақаш ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 5 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3195 болып тіркеліп, "Серпер" газетінің 2015 жылдың 21 мамырдағы № 20 (13199) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

Округ әкімі

К. Тукенов